

УӘЖ 8.81

Р.Ж. Қияқова¹, Г.Ш.Шахманова², Т.Берикбол³

¹ф.ғ.к., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: raua_5@mail.ru

²п.ғ.м., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: gulshat.shakhmanova@gmail.com

³п.ғ.м., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: berikbol_taslima@mail.ru

СӨЗ БЕН ШЕБЕРЛІКТІҢ ҰСТАСЫ – ТӨЛЕГЕН ҚАЖЫБАЙ

Мақалада Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Ахмет Байтұрсынов атындағы сыйлықтың иегері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иесі, Көкше өңірінің айтулы қаламгері – Төлеген Сыздықұлы Қажыбайдың «Аран» повесі тілдік тұрғыдан зерттеліп, автордың сөз қолоданыс ерекшелігі талданады.

Мақаланың негізгі бөлімінде халықтың ұлттық болмысын танып білу мақсатында қолданылатын этнолингвистикалық этюдтер, халық танымынан туған көне атаулар – этнографизмдер, халықтың мәдениетімен байланысты тұр-түстану – колоративті лексикаға байланысты теориялық дәлелдер мен деректер қарастырылады. Сонымен қатар, «Аран» повесіндегі байырғы сөздер, халық танымындағы ұлттық өлшем бірліктері талданып, этномәдени лексика сараланады.

Түйін сөздер: этнографизм, этнолингвистикалық этюд, кірме сөздер, лингвомәдениет, мәдени лексика, лексема, колоративті лексика.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақалада журналист, ақын, жазушы, драматург, Көкшенің әйгілі тұлғаларына қатысты сүбелі туындылар жазған қарымды қаламгер Төлеген Қажыбаевтың «Аран» повесі лингвистикалық тұрғыдан талданады. Қазақ даласындағы ұлы нәубет ашаршылыққа байланысты жазылған повесте жазушы түп-төркіні тереңде жатқан байырғы сөздерді, лингвистикалық тұлғаларды, этнографизмдер мен этнолингвистикалық этюдтерді ұтымды қолдана білген. Автор қолданысындағы шығармада кездесетін, қазақ халқының санасында сараланып, жадында сақталған лексемалар тілдік тұрғыдан сараланады.

КІРІСПЕ

Қай ұлттың болмасын қаламгерлер қауымы тарихтың тегершігімен бірге айналған жылдардың жүлгесінде өз халқының бастан кешкен басты қайғылы оқиғалары жөнінде көбірек қалам сілтеп, оқырман назарын барынша аударуға ұмтылады. Қазақ даласындағы сұрапыл оқиғалардың арасында ұлы нәубет ашаршылықтың алатын орны айрықша. Егемендігіміз еңсесін көтергенше, біздің ақын-жазушыларымыз үшін бұл тақырыпта қалам тербетіп, баспадан шығару аса қиынға түсті. Дегенмен, заман зұлматы: ашаршылықтың бет-бейнесін көрсетуге бағытталған туындыларымыз бар.

Мысалы, Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» Қ.Қазыбаевтың «Сұрапыл», С.Елубайдың «Ақ боз үй», З.Жәкеновтің «Зұлмат» романдары, С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай», М.Мағауиннің «Сары қазақ», Н.Ақыштың «Рақымсыз көктем», Т.Сәукетаевтың «Күзғын тойған қыс», Н.Қапалбекұлының «Жер-ошақтың түтіні», Т.Қажыбаевтың «Аран» секілді повестері мен хикаяттары ашаршылық жайынан сыр шертеді.

Төлеген Қажыбаев – сегіз қырлы, әмбебап шығармашылық жолынан қол үзбей, қырық алты жыл «Көкшетау правдасы», «Коммунизм нұры», «Солтүстік Қазақстан», «Арқа ажары»,

«Бұқпа» газеттерінде жауапты қызметтерді үлкен іскерлікпен атқара жүріп, сүйікті халқына поэзиясы, прозасы, драмасы бар отыздан астам кітап ұсынып, оқырмандардың сүйіспеншілігіне бөленген қаламгер.

Кәкімбек Салықов мөлдір сөздің шебері Төлеген Қажыбайдың шығармалышығын жоғары бағалап: «Төлегеннің қай шығармасын оқысаңыз да, сәулелі ойға шомыласың. Мен оның поэзиясымен көптен таныспын, сондағы байқағаным, ол адамдардың арасындағы сан қилы қатынастарды, туған елдің қымбаттығы мен сұлулығын, достық пен махаббатты сипаттаса, «сөз атасы Майқы би» дегендей, сөз жүйесін, ой өрісін тауып, көңіл қозғар толғанысқа, терең тебіреніске батырады. Қуаныш пен қайғы-қасіретті айқын сипаттай біліп, шырылдаған шындыққа сүйенген поэзиясы өмірдің бір шетін тесіп шығады», – деген [1].

Мақаламызға арқау болған «Аран» повесіне тоқталмас бұрын, қазақ әдеби тілінің сөздігіне сүйеніп, тақырып атауының қолданылуы мен мағынасына назар аударсақ. Бір ғана «Аран» лексемасының алты түрлі мағынасы анықталды:

АРАН¹ зат. Нәпсі, құлқын.

АРАН² зат. көне.зоол. лат.<hippjtamus amphibius>. Ерте заманда болған өте үлкен жыртқыш. Ол жеміне ұмтылғанда қомағайлығы сонша – алыстан аузын аша жүгіреді екен. «Аузын *арандай* ашу» тіркесі содан қалған (Тіл және аударма).

АРАН³зат. аңш. Аң аулауда қолданылатын үсті жабылған терең ор, шұңқыр

АРАН⁴зат. Кірпіш пен темірден жасалған қоршау.

АРАН⁵ зат. жергі. Жарлық, үкім.

АРАН⁶ зат. бот. <fungia>. Көкнәр тұқымдасына жататын біржылдық өсімдіктер туысы [2,589].

Сол сияқты тілімізде *араны ашылды, қақпанға арандады, оққа арандады, сөзге арандады, арандағыш (пәлеге ұрынғыш), арандай, аузын (құлқынын) арандай ашты, арандал, аранды, ашуға арандатты, арандатқыш, арандатушы, арандатушылық* сияқты қолданыстар бар.

«Аран» деген тілдік бірлікке қатысты автор қолданысында:

«Бәрі де аштық атты тойымсыз *аждаһа аранын* қанағаттандырсақ, тойындырсақ деген дәрменсіз әрекеттің өтеушсіндей болмашы тірлік, ақ сүйек болып жусап қалар ұлы аза –жан азасы алдындағы соңғы тұяқ серпілісі болатын» [3,92].

«Босқындар тасқыны Ресейге асатын қара жолдың үстінде отырған Шақалақтың шаңырағын шайқалтып, түндігін теңселтіп қана қойған жоқ, бұл ауылдың тұрғындарын атамекенінен бездірген аштықтың тойымсыз *аранды ажалын* да ала келген еді» [3,93].

«Аштық зобалаңына ұшыраған қыр елі жөнкіліп Сібірге қарай сырғи жөнелгенде, Ресей мен Қазақстанның жол айырығындай ұрымтал тұста отырған шағын Шақалақ шілдің қиындай тоз-тозы шығып *аранын ашқан* зұлмат нәубеттің топанды тасқыны астында қалып мерт болар санаулы сәттің тек астында тұрғандығын аңғара қоймаған марғау күйде еді». [3,97].

Жоғарыдағы үзіндіде *аждаһа аран, аранды ажал* тіркестері тойымсыз сөзімен қатар қолданылса, келесі қолданыс *аранын ашқан* тіркесі өте үлкен жыртқыш деген мағынада жұмсалған. Автор аталған повесінде «аран» деген ұғым атауын әртүрлі контексте, әртүрлі мағынада пайдаланған.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу үшін негіз болған дереккөздер қатарында Ә.Қайдар, Т.Қоңыров, З.Ахтамбердиева, М.Е.Бекболганова, Ж.Манкеева, М.Копыленко және басқа да ғалымдардың зерттеу еңбектерін айта аламыз.

Мақаланы жазу барысында материалды жаппай жинақтау, жұмыстың мақсаты мен тақырып ерекшелігіне байланысты: сипаттама, талдау, саралау, жүйелеу, салыстыру, анализ, синтез, топтастыру әдістері қолданылды. Көрсетілген әрбір әдіс көзделген мақсатқа жету үшін зерттеудің белгілі бір кезеңдерінде қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ әдебиетінде көркемдік үлгісімен, кестелі тілімен, өзіндік қолтаңбасымен даралығын айғақтайтын Т.Қажыбайдың «Аран» деп аталатын повесі: «*Кереге басына кепкен көнегін ілген не сән, қайыңның қабығын кеміріп, қымыздық пен жуа теріп кеткен не сән, күркесінде қалған сүйек-саяқты иттің езуінен жырып алып, қазандағы қара суға қайнатып қатық еткен не сән, саптама етіктің май сіңді қонышын терезе әйнегінің орнына тұтқан, қарын құрышын турамышылап талғажау еткен не сән ... Бәрі де ... ақ сүйек болып жусап қалар ұлы аза – жан азасы алдындағы соңғы тұяқ серпілісі болатын*», – деп басталады [3,91].

Адамның жан дүниесіне әсер ететін мына абзац (микромәтін) оқырманын қалай жетелей түскенін өзіңіз де байқамай қаласыз.

Жиі қолданыла бермейтін, жастардың есінде жүрсін, байырғы сөздердің түп-төркінінің тереңіне бойласын, тіліміздің байлығын тағы бір сезінсін деген мақсатта бұл лексемаларға академик Ә.Қайдарша лингвистикалық этюдтер топтамасын жасауды жөн көрдік. Көркем шығарманың тіліне тілдік тұрғыдан осы бағытта жұмыс жүргізу, оқырманның шығарманы егжей-тегжейлі оқып, бүге-шігесіне дейін түсінуіне де мүмкіндіктер жасайды.

Ғасырлар бойы қазақ халқының санасында сараланып, жадында сақталып, небір сөз зергерлерінің арқасында көркем шығармадан орын алатын көнек (кепкен көнек), құрыш (қарын құрышы), кісе (кісе белдік), сір (сір етік, сір өкше), кебін, *ақырет кебін* (екі кездік кебіндік бөз) деген лексемалардың мән -мағынасын анықтап көрейік.

- Көнек (кепкен көнек) – бие саууға арналған теріден (көннен) жасалған ыдыс.

Көнек ірі қара малдың бас не мойын терісінен жасалған бие саууға, құдықтан су тартуға арналған шүмегі бар ыдыс [3,94].

2-мәтін. Кебеженің қақпағын ашып ішіне үңілді... әлденені қаудырлатып алып шықты. Бұл бір кезде май салынған *қарынның* қос алақандай *құрышы* еді... Шыдай алмады. Қарынның жиегін тістелеп ұзақ малжаңдады. Сірі болып сіресіп қалған неме болар емес... Саусақтарымен шеңгелдей қысқан *қарынның* ақ жем болған *құрышын* ызаланып, есікке қарай лақтырып жіберді [3,94].

- *Құрыш (қарынның құрышы)* – майы әбден таусылған қарынды шоққа қақтағанда пайда болатын тағам «құрыш» деп аталады [4].

3-мәтін. Алдындағы еңгезердейдің кигені *сірі етік*, жырым шалбар, белін *күміс кісемен* қынай бұған, өңірі далиып кеткен жеңіл шапан да қалған, екеуінікі иықтарына іле салған ескі -кұсқы, алым- жұлым бірденелер [3,100].

- Ыста ұсталған, көн болып қатып қалған қасаң, теріні қазақ *сірі* дейді. Онан жасалған өкшенің ең ішкі астары – *сір астар*, өкшенің ішін қалыңдата қойған қалың көн – *сіріөкше* деп аталады. Етікшілер тіккенде өкшесі мыжылмасын деп оған қатты көннен немесе қайыңның тозынан (қабығынан) кепіл салады. Оны да сіріөкше деп атайды. Қазақта өте шыдамды, төзімді адам туралы айтылатын «жаны сірі» деген тұрақты тіркес осыдан қалыптасса керек [5].

Автор қолданысында сірі етік – сірөкше етік –өкшесі сірден жасалған етік

- Белбеудің бірнеше түрлері болған. Атап айтар болсақ, «жауынгерлік белдік» «кісе белдік», «күміс белдік», «кемер белбеу» және тағы басқа. Жауынгерге айналған әрбір көшпендінің арнайы жауынгерлік белдігі болған көрінеді. Ал қалташадан, қыннан және оқ-дәрі торсықшасынан тұратын белбеу – «кісе белбеу» деп аталады.

Бұл белдікке таналар мен жартылай асыл тастармен түрлі-түсті шынылар орнатылған пластинкалар бекітілген. Белдіктің келесі бір түрі – «күміс белдік». Белдіктің бұл түрі жартылай асыл тастар және күміс таналармен әшекейленген. Кемер белдік қысқа, белді бірнеше айналдыра бууға жарамайды. Екі жақ шеті қапсырмамен әшекейленген. Белбеу тек белді бууға ғана арналып қана қоймай, адамдардың дәрежесін де аңғартқан. Ел құрметтейтін

абыройлы адамдардың белдігі таналармен көбірек әдіптелген. Тіпті белбеуіне қарап адамдардың әл-ауқатын ғана емес, қай жақтың қазағы екенін аңғаруға болған [6].

«Аран» повесінде *кереге, қазан, қатық, кебеже, көсеу, қос арыс арба, ахиреттік бөз, екі кез кебіндік бөз, ақ кебін, құрт, ежігей құрт, малта, сандық, күбі, піспек, жез құман, жастық, құс төсек, кілем, төсеніш, кереует, елтірі бөрік, тұлкі тымақ, шапан, саптама етік, қамыт, тері, сәкі, шаппа пышақ, түндік* тағы басқа мәдени лексикаға жататын этнографизмдер бар.

Этнографизмдер дегеніміз не? «Этнографизмдер – өткен тұрмысымызда болған, көбі әлі де қолданылып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың белгілі сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік ерекшеліктерін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері [7, 69].

Академик Ә.Қайдар: «Кез келген этнографизм мен этнофразеологизмге номинативтік мағынамен қатар шағын этнографиялық этюдтер де қажет», – дейді [8]. Оқырман үшін этнолингвистикалық этюдтер шығарманы терең, жіті түсінуге, сөздік қордың баюына, ой-өрісінің дамуына көмектеседі. Демек, этюдтер мәдени лексемаға яғни мағыналық бірлікке этнолингвистикалық деректерге берілетін арнайы түсініктеме немесе анықтамалар, түрлі көлемдегі мағлұматтар. Ғалымдардың пікірінше, этнолингвистикалық этюдтер әрқашан ғылыми деректермен дәйектелмеуі мүмкін. Бірақ «... ол – этностың өз өмірінен туындап, өзіндік ғасырлар бойы сыналып, қалыптасқан тәжірибесінің нәтижесі» [8].

«Этнолингвистикалық этюдтер» дегеніміз – этнос болмысын танып-білу мақсаты мен «тіл әлемін» түбегейлі зерттеудің нәтижесінде әрбір негізгі мағыналық бірлікті және оған қатысты этнолингвистикалық арналарға деректерді жоғарыда айтылған сатылы қатыстық тәртібімен берілетін түсініктемелер, анықтамалар, мағлұматтар, топшылаулар [8].

Мысалы: *Саптама етік* – қазақтың ұлттық аяқ киімдерінің бір түрі, оның кең қонышы тізені жауып тұрады. Тақым жағы ойықтау келіп, аяқты бүгіп жазуға кедергі жасамайды. Ол қыстыгүні киілетін болғандықтан, ішіне киіз астар салып, сапалы былғарыдан, ертеректе жылқының немесе өгіздің терісінен ағаш кергішпен өкшесін аласа етіп тігетін болған [9].

4-мәтін. Құдай қаласа, мылтықты, сандық түбінде өзіне деп сақтап жүрген *екі кез кебіндік бөзді* бірер пұт бидайға айырбастап келер, келер де жұтынып отырған мына қызыл өңеш келіні мен баласын, анау үйелмелі- сүйелмелі екі немересін қарық етер. Тілексіз пенде емес, арғысын, құдай қаласа, тағы да көре жатар [3,94]. Мәтіндегі кебін сөзінің мән-мағынасы не екеніне назар аударсақ:

➤ Кебін (екі кез кебіндік бөз)

Кебін деп қайтыс болған адамға кигізілетін ақырет киімді атайды. Кейде ақырет кебін деп те жатады.

➤ *Ақырет кебін* – өмірден өткен адамның ең соңғы киімі, кебіні.

Оған байланысты қазақта «*Кебенек киген келеді, Кебін киген келмейді*» деген тәмсіл осыны аңғартса керек. Яғни Ақырет «*ең соңғы*» деген мағынаны білдіреді... Кебінді молданың өзі пішіп, кебін тігуге арналған ағаштан жасалған инемен тігеді. Ақырет кебіннің бас, бел және аяқ жағынан баулар шығарылып, мәйітті орап болған соң сол баулармен бас, бел және аяғынан байланады. Мәйітке кебінді кигізгеннен кейін үш жерінен, басының астынан, белінен, аяқтың астынан байлайды. Содан соң мәйіт табыттан алынып, кілемге оралады.

... Жаугершілік заманда ұрысқа аттанған ер азаматтар атының қанжығасына *ақырет кебін* бірге алып жүру міндеттелген. Кебіннің «*шың киім*» деген де аты бар. Ақыретке оралған соң оның күнәларының өтеуі ретінде підия салты атқарылады.

➤ Підия, фидия (арабша ғұқ) ислам дініндегі иман негіздерінің бірі – о дүние, қиямет-қайымға сенуге байланысты діни жоралғы. Підия қайтыс болған адамның балиғатқа толғаннан кейінгі өмірінде жасалған күнәсін ақтау үшін мұқтаж адамдарға ақшалай, заттай не малмен беріледі [10].

Бұдан басқа да шығармада мәдени лексикаға жататын елтірі бөрік, барқыт бедерлі сырма шалбар, кебіс сынды киім атауларын да кездестіруге болады.

5- мәтін. – Астағыпыралла, мынау аяқ қой! – Қос тізесі дірілдеп барып шөге кеткен Жауғашты мең-зең болып ұзақ отырғаннан кейін, ит-құсқа жем болып шашылып қалған сорлы жанның сүйектерін жиып, *шаппа пышақпен* қазған шұғанаққа әкеліп жасырған болды. Білген аятын оқып, бетін сипады [3,116]. Осы мәтіндегі шаппа пышақ деген номинативтік атауды қалай түсінуге болады?

➤ Пышақтың бірнеше түрі бар: ол – бәкі. Ұстауға өте ыңғайлы, шағын, өткір болады. Оны кейде шаппа деп те, кейде қазақы бәкі деп те атаушылық бар. Халқымыздың таным- түсінігінде бәкіні яғни шаппаны ас үйдігі тағамдарды әзірлеуде қолданбауға тырысады. Шаппа соғым кезінде дастархан басында қолданылады. Ол үнемі ер жігіттің жанында немесе үйде бала- шағаның қолы жетпейтін жерлерде тұруы керек.

Т.Қажыбайдың аталмыш повесінен *орыс мұжығы*, жер шұқыған *мұжық*, аштан өліп жатсаңдар да *кінәздіктерің* қалмайды, *Ресейге* қарайды, *Түменнің* орманы, *әртелдің* төрағасы сияқты қолданыстарды кездестіреміз. А.Байтұрсынұлының термин мәселесіне байланысты принциптерінің бірінде: «Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек, сөздердің жеке тұрғандағы бітімі сақталуы керек. Ал сөйлеу ағымында бір- бірімен тіркесу, жалғасу, бірігу нәтижесінде сөздер байырғы дыбыстық құрамын өзгертіп, сөйленіс ыңғайына икемделеді»,– десе, академик Ә.Қайдар «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деп аталатын еңбегінде: «Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин –атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану керек; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау керек», – деген ұстанымды басшылыққа алады. Мысалы: товар –тауар, завод – зауыт, ящик –жәшік, конфета –кәмпит, самовар –самауыр, Россия – Ресей, Европа – Еуропа т.б.

Белгілі қаламгер Т.Қажыбайдың шығармашылық лабораториясында басқа тілден енген кірме сөздерді қолдану ерекшелігі де автордың стиль даралығын танытса керек.

Ақпараттар ағымының күшейген заманында өмірімізді, қоршаған ортамыздағы іс-әрекетімізді сандарсыз елестету мүмкін болмай бара жатқан сияқты. Сатып алатын кез келген тауардың сандарға шақталған коды бар. Кез келген хабар, тіпті мәтін сандардан құрылған код арқылы жеткізіледі.

Демек, халықтың санасында сандар әлемі аралық өлшем, уақыт өлшемі, қашықтық өлшем, салмақ өлшемі, көлемдік өлшем деген атаулармен тығыз байланысты.Т.Қажыбаев «Аран» деген шығармасында сирек қолданылатын бірлі- жарымды *бір қадақ астық, бірер пұт астық, кіші бесін, бір үзім нан, бір уыс бидай, екі- ақ уыс бидай, қос уыс бидай, бес-ақ шақырым жер, жалғыз ұл Көбей, қос сәби, сынық малта* сияқты халық өлшемдерін қолданғаны анықталды.

Салмақ өлшемінің дәлелі ретінде мына мәтінге назар аударсақ.

6-мәтін. – Әртел, әртел деп өзеуреген немді алған еді. Еккен егіннен *бір қадақ* та асты бермей, сыпырып-сыпырып оны әкетті. Масақ қағып, еңбек күнге деп еңіреп жүріп алған *бірер пұт* немізге тығын болады. Бітті ғой, эне...

Ә. Нұрмағамбетовтің «Бес жүз бес сөз» атты еңбегінде: «Қадақ сөзінің мағынасы –200 грамға тең салмақ» [11,148] . Ал *пұт* сөзі сөз таптарының бірі зат есімнен жасалған: «Салмағы 16 килограмға тең ауырлық өлшемі», –деп көрсетілген [10,21].

➤ Пұт зат. [4, 21].

7-мәтін. *Жалғыз ұл* Көбей әкесінің алдынан шықпайтын көмбіс мінезінен жаңылып көрмесе де, алдың -дұлдың қылықты келіні Кенжеш анда-санда болса да, бұрқ -сарқ мінез танытып, қайын атасын «Шақалақтың» қотанынан он көшіріп, құтты орнына он қондыратын [3,93].

8-мәтін.– Апа, қарным ашты. Бидай қуырып берші, апа, – дескен *қос сәби* сәкінің жиегіне отыра кеткен аналарының мойнына артылды [3,94].

Мәтіндегі *жалғыз* деген сөз сын есім қызметінде жұмсалғанымен, ол біреу деген лексика-грамматикалық мағынаны білдіреді.

Сол сияқты *қос* (қос сәби) деген түбір тұлғасындағы сөзді де сын есімге жатқызамыз. Ал осы сын есімнің лексика-грамматикалық мағыналарын сараласақ, мәтінде сандық ұғым «екеу» дегенді білдіреді. Сөздікте сипатталуы төмендегідей: «Жалғыз. сын. Тек біреу ғана [4,572]. Жалқы.сын. Біреу ғана, жалғыз [4, 577].

Жоғарыда аталған ұлттық танымдағы өлшем бірліктерден басқа *екі-үш түйір құрт, бірер уыс ұн, бір шәй қайнатым уақыт, екі шөкім бидай, екі уыс бидай* тәрізді тіркестер автор қаламына тән.

Әрбір жазушы функциональды стильдерде, нақтыласақ, публицистикалық, сөйлеу, көркем әдебиет стильдерінде сөз мағыналарының көрінісі іспетті синоним, омоним, антонимдерді жеке, дара әрі қатарластыра, қабаттастыра қолдана береді. Мақсат – айтылмақ ойды әсерлі жеткізу.

Әр этностың арасындағы мәдени және психологиялық ерекшеліктерді зерттеудің бірден-бір жолы – негізгі концепттерді зерттеу. Ұлттық менталитетті танытатын концептілердің бірі – «түр-түс» концептісі.

Адам өмірінде түстің үлкен маңызы бар. Түс адамдардың көңіл-күйіне, эмоциясына әсер етеді. Сондықтан да түстерді әртүрлі ғылым салаларының мамандары зерттеп-зерделеуге тырысады. Тілшілер де түр-түс атауларын негізгі лексикалық топтардың қатарына жатқызады. Лингвистер, этнолингвистер, тіл тарихын зерттеушілер түр-түс атауларының жүйесінде кейбір әмбебап ұқсастықтар кездеседі деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ белгілі бір түстің әртүрлі реңкіне қатысты тіл-тілде бейнелі тіркестер, идиомалар және мақал-мәтелдер қолданылады. Олар әрбір ұлттың өткен өмірінен, әлеуметтік-тарихи, эмоционалдық-ментальдық ақпарат бере алады.

Түс атауының жасалуы әр түрлі экстралингвистикалық жайттарға байланысты болады. Олар:

- этностың мәдениеті,
- тұрмысы,
- салт-дәстүрі,
- ұлттық психологиясы,
- танымдық ерекшелігі,
- әр түрлі тарихи оқиғалары,
- объективті құбылыстары

Сонымен, түр-түс атаулары әрбір халықтың лексикалық қорында көптеп кездеседі. Әрбір тілдегі түр-түс атаулары белгілі бір заттың сапалық сынын білдіретін, сондай-ақ белгілі бір халықтың мәдени өмірі мен тарихынан, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан мол мәлімет беретін күрделі категория болып саналады.

синтаксистік тіркестер пайдаланылған.

Сөз бен шеберліктің ұстасы Т.Қажыбайдың қаламына тән даралықты колоративті лексиканы қолданысынан да аңғаруымызға болады. Повесте түр- түсті таңбалайтын «ақтың» антонимі «қара» деген түсті тура мағынасында және бейнелеу мағынасында түрлі символдық мәнде ұтымды жұмсаған. Шығармадағы *қара албасты, қара кебеже, қара қазан, қара су, қара жол, қара мылтық, қара құлып, қара орман, қара кезіп, қарабеттей, қара үзіп ұзап кету, бір қараға жету, қара бақыр* сияқты синтаксистік тіркеске нысан болған «қара» деген түстің қолданылуының өзі бір төбе.

Қара түс қайғы-қасіреттің, өлім-жітімнің, неткен бір жауыздық пен зұлымдықтың, асқан бір айуандықтың символы деп танылса, енді бірде қара күштің, қайтпас қайрат пен төзімділіктің, шыдамдылықтың символы деп те қолданылып жүр. Халықтың басына төнген ұлы нәубет, аранын ашқан аждаһа ашаршылықты оқырманға жеткізу мақсатында барша түстің ішінен әр контексте білдіретін мағынасына қарай «қара түсті» ұтымды түрлендіріп, ойын өрнектеген..

Демек, қаламгер ата-бабамыздан мұра боп қалған тіліміздің сөз байлығы, сөздерді көркемдейтін, әсерлей түсетін түр-түс қазақ халқының тарихын, салт-дәстүр, ұлттық сана мен ой-өрісін, адамгершілік қалыптарын, тұрмыс-тіршілігін, ісін, мінез-құлқын, жан дүниесін, ділін, дінін әрі қысқа, әрі нұсқа суреттейді.

9-мәтін. ...Бірақ сенің еліңде жөнді басшы жоқ. Кіші революция керек деп бар малыңды сыпырып алды ма, алды. Екі жыл астық шықпады ма, шықпады. Судағы балықты, ормандағы саңырауқұлақты алып жей алмай отырған сорлы қазақ мал тұяғының сыртылынан айрылса, күн ашық, жер қарады адасасыңдар.

... Сендер сияқты біз де өгіз бен сиырымыздан айрылдык. Біз де коллективтеніп жатырмыз. Бірақ орыс мұжығы жөке шәркей киюге арланбайды. Жердің тамарын біледі, мына өскен шөбің, ағашың, анау суың – бәрінен де қысылғанда азық табуға болады. Ал сендер балықты құрт деп, саңырауқұлақты бопа деп мұрын шүйіресіндер.

... эне, сендердің аштан қатып жатсаңдар да кінәздіктерің қалмайды, қалмайды-ау [3,109].

Осы мәтіндерден алынған үзінділер яғни стилистикалық фигуралар да бейнелеу, мәнерлеу сияқты экспрессивті-эмоционалды реңк үстеу арқылы көркемділікті арттыру үшін автордың диттеген мақсатын орындаған деп білеміз.

ТАЛҚЫЛАУ

Екінің бірі қолдана бермейтін автордың қаламына ғана тән көпшілікке, жастарға, түсініксіз тілдік бірліктерді (*аран, підия, ақыреттік кебін, сіре етік, қарынның құрышы, күміс кісе, ақ жем болған құрыш, ақ кебін сүйреткен ажал, шүберек күлтара*) автор шығармасында қисынын тауып орайластыра білген. Дарынды қаламгер Т.Қажыбай «Аран» повесінде көркемдегіш құралдарды, атап айтсақ, қайталау, оның түрлерін аллитерация, ассонанс, анафора, эпифораны жиі қолданған. Оны жоғарыда көрсетілген микромәтіндерден аңғаруымызға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Аран» повесінің түйі:

Қызы Нұрбикенің апалаған дауысы шықты. «Кеш ботам, кешіре гөр, сорлы ананды» деп ... жан дүниесін үрей билеген келіншектің аялдауға мұршасы жоқ ... қасқырлардың ортасында қалған қызын бас салып боршалап жатқаннан да бейхабар қалған мәңгүрт жандай ақыл- естен айрылып ілгері жүгіре берген ... есіл -дерті қос сәбидің бірін, жалғыз ұлды, аман алып қалу еді [3,127].

Біз автордың шығармасына баға беретіндей, сөз қолданысын саралайтындай дәрежеге жеткен жоқпыз, десе де көзі ашық, көкірегі ояу оқырман теңдесі жоқ, сегіз қырлы, бір сырлы, жергілікті қаламгер *Төлеген Сыздықұлы Қажыбайдың* шығармасын іздеп жүріп оқыса, әдемі иірімдерін, мәдени лексикаға жататын лингвистикалық тұлғаларды, өзгеше сөз оралымдарын «...Болмасаң да, ұқсап бақ» деп қолдана жүрсе деген ниеттеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кәкімбек САЛЫҚОВ. Мөлдір сөздің шебері. <https://egemen.kz/article/19138-moldir-sozdinh-sheberi>

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек. – Алматы: Арыс. 2006, 1-том.752 б.

3 Қажыбаев Т: Қанкешу. – Ақмола, 1995. – 208 б.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том. П-Т. – Алматы, Ғылым, 1985. 591 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том. Ж-К. – Алматы, Ғылым, 1979.672 б.

6 Сөздік <https://sozdikqor.kz/soz>

7 Бекболғанова М. Е. Көркем шығармадағы тұрмыстық суреттеулердің этнолингвистикалық сипаты Қаз ҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №2 (132)

8 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.

9 Қазақ халқында етікшілік өнер ежелден жақсы дамыған https://www.inform.kz/kz/kazak-halkynda-etikshilik-oner-ezhelden-zhaksy-damygan_a2888317

10 Қазақ энциклопедиясы. VII том <http://kazenc.kz/>

11 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. –304 б.

REFERENCES

1 Kakimbek SALIKOV. A master of clear words. <https://egemen.kz/article/19138-moldir-sozdinh-sheberi>

2 T. Zhanuzakov, S. Omarbekov, A. Zhunisbek. (2006) Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. - Almaty: Arys. (In Kazakh).

3 Kazhibayev T (1995): Kankeshu. - Akmol, 208 p. (In Kazakh).

4 Explanatory dictionary of the Kazakh language (1985). Volume 8. P-T. – Almaty, Science, 591 p.

5 Explanatory dictionary of the Kazakh language. (1979) Volume 4. J-K. – Almaty, Science, 672 p.

6 Dictionary <https://sozdikqor.kz/soz?id=306991&a=ET%C4%B0K>

7 Bekbolganova M. E. etnolinguistic nature of domestic descriptions in the work of art, Kaz University Herald. Philology Series, No. 2 (132) (In Kazakh).

8 Kaidar A. (1998) Core issues of the Kazakh language. - Almaty: Mother tongue, (In Kazakh).

9 The art of shoemaking has been well developed in the Kazakh people since ancient times https://www.inform.kz/kz/kazak-halkynda-etikshilik-oner-ezhelden-zhaksy-damygan_a2888317

10 Kazakh encyclopedia. Volume VII <http://kazenc.kz/>

11 Nurmagambetov A. Five hundred and five words. -Almaty: Rawan, 1994. -304 p. (In Kazakh).

Материал 19.09.2022 баспаға түсті

Знатоқ слова и мастерства – Толеген Кажыбай

Р.Ж. Княжкова¹, Г.Ш.Шахманова², Т.Берикбол³

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

³Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье лингвистически исследована и проанализирована повесть «Аран» члена Союза писателей Казахстана, заслуженного деятеля культуры Казахстана, лауреата премии имени Ахмета Байтурсынова, обладателя орденов «Курмет» и «Парасат», выдающегося писателя Кокшетау – Толегена Сыздыковича Кажыбая.

В основной части статьи рассматриваются этнолингвистические этюды, используемые с целью познания национальной идентичности народа, историзмы, этнографизмы, теоретические аргументы и факты, связанные с цветоведческо-колористической лексикой, связанной с культурой народа. Кроме того, анализируются коренные слова в повести «Аран», национальные единицы измерения в народном познании, дифференцируется этнокультурная лексика.

Ключевые слова: этнографизм, этнолингвистический этюд, заимствованные слова, лингвокультура, культурная лексика, лексема, колористическая лексика.

Материал поступил в редакцию журнала 19.09.2022

A connoisseur of the word and skill - Tolegen Kazhybay

R. Zh. Kiyakova¹, G. Sh.Shakhmanova², T. Berikbol³

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

³Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

In the article, the story “Aran” by Tolegen Syzdykuly Kazhybay, a member of the Union of Writers of Kazakhstan, Honored Cultural Worker of Kazakhstan, laureate of the Akhmet Baitursynov Prize, winner of the Kurmet and Parasat awards, famous writer of the Kokshe region, is studied and analyzed from a linguistic point of view. The main part of the article examines ethnolinguistic studies used for the purpose of cognizing the national identity of the people, historicisms, ethnographisms, theoretical arguments and facts related to the color and coloristic vocabulary associated with the culture of the people. In addition, the root words in the story “Aran”, national units of measurement in folk knowledge are analyzed, ethnocultural vocabulary is differentiated.

Keywords: ethnography, ethnolinguistic research, foreign words, linguistic culture, cultural vocabulary, lexeme, color vocabulary.

Received: 19.09.2022